

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/IVQM3057>

**А. С. Мурзинова¹, *Ф. Б. Шойбекова²,
С. А. Асанбаева³, А. М. Ахметова⁴**

^{1,2,3}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9484-1318>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9156-3412>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-8976-2151>

*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАДАҒЫ БАЛАЛАР ТІЛІНІҢ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАҒА СӘЙКЕСТІГІ

Мақала теледискурстағы балалар тілінің қазақы орфоэпиялық заңдылықтарға сүйене отырып, айтылу деңгейін қарастыруға арналды. Балалар тілінің орфоэпиялық нормаға сәйкестігін зерттеуде ҚР Тіл туралы Заңына, емле ережелері мен орфоэпиялық заңдылықтарға сүйену қажеттігі айтылды. Сөз мәдениеті, әдеби тіл нормасының теориялық және тәжірибелік мәселелері қарастырылған зерттеулерге жан-жақты әдеби шолу жасалды. Жасалған әдеби шолулардан жалпы теледидар тілі жайлы зерттеулер болғанмен, балалар телебағдарламаларының дискурсы, әдеби тіл нормасына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы зерттеулер жоқ екендігі байқалды. Сондықтан мақалада теледидар бағдарламаларындағы балалар тілін зерттеудің өзектілігі жоғары екендігі көрсетілген. «Баларап» телеарнасындағы танымдық, зияткерлік, оқу, ойын-сауық, ақпараттық, танымдық бағдарламаларға қатысқан балалар тілі зерттеу нысаны болды. Телебағдарлама тілінің просодикалық, риторикалық ерекшелігін түсіну үшін, сондай-ақ бала тілінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, орфоэпиялық заңдылығын, акустикасы мен артикуляциясын сақтау үшін талдаулар жүргізіліп, көрсетілді.

Орфоэпиялық нормаға сәйкестігі/сәйкес еместігі, дыбысталу қарқыны Speech Analyzer әдісінің көмегімен айқындалып, нәтижесінде телекоммуникаторлардың көтеріңкі және төменгі дыбыстау қарқынының сегменттері сурет арқылы берілді. Сегменттердің акустика-артикуляциялық тұрғыдан өзгерісі ұлттық тілдің сипатына әсер ететіндігі айтылған. Перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктердің орфоэпиялық сипаттамасы жасалып, талданды.

Кілтті сөздер: «Балапан» телеарнасы, балалар тілі, орфоэпиялық норма, әдеби тіл, дыбыс қарқыны, теледискурс.

Кіріспе

Медиалингвистика – бүгінгі тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі. Бұл бағыт қазіргі медиадискурстың дамуын, бұқаралық ақпарат құралдарының тілді дамытуға ықпал ететін лингвистикалық, экстралингвистикалық факторларын қарастырады. Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің өзгерісі мен жүйелі/жүйесіз дамуын, әдеби тіл нормасы тұрғысынан уәжді, уәжсіз, қалыпты, қате қолданыстарды, әдеби тіл өміршендігіне әсерін зерттейді. Осы себептен медиадискурстағы әдеби тіл нормаларының сақталуын, әдеби тілдің стильдік тармақтарының дұрыс қолданылуы мен сөз мәдениетінің сапалы коммуникативтілігін зерттеу маңызды болып саналады. Қазақ медиадискурсының әдеби тілге ықпалы телебағдарлама тілінен айқын көрінеді.

Медиадискурс мәселесі бойынша Л. Нугуманова [1], Е. Ларина [2], С. Данилов [3] еңбектерінде телебағдарлама тілін зерттеу – медиа мен лингвистика арасындағы салааралық зерттеу болатындығы; дискурс ретінде қарастыру қажеттігі; телекоммуникатор мен көрермен арасындағы дискурс; адресат пен адресанттың коммуникациясы; ауызша жеткізілетін тіл екендігі қарастырылған.

Біздің зерттеуімізде «Balapan» телеарнасы бағдарламаларының тілінің әдеби тіл нормасына сәйкес келетіндігі немесе сәйкес еместігі қарастырылады.

Материалдар мен әдістері

Балаларға арналған «Balapan» телеарнасының танымдық, ойын-сауықтық, зияткерлік, мәдени және ақпараттық-танымдық, спорттық, шоу және оқу бағдарламалары мақаланың зерттеу нысанының материалы болды. Балаларға арналған телебағдарламалардың бейнематериалдары сапалық зерттеу әдістері бойынша талданды. Атап айтқанда, телебағдарлама мәтіндерінің жанры мен мазмұны кластерлеу әдісі арқылы жіктеліп, тақырыптық топтарға бөлінді. Телебағдарлама жанрларының риторикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне семантика-стилистикалық талдау

жүргізілді. Телебағдарламаларда эксплицитті және имплицитті түрде берілген перлокутивті бірліктерге контент-талдау жасалып, олардың ауызша әдеби тіл нормаларына тән коммуникативтік сапасы анықталды. Телебағдарлама тілінің фонетикалық суперсегментті деңгейі мен орфоэпиялық нормаға сәйкестігі, перлокутивті қызметтегі тілдік бірліктердің орфоэпиялық сипаттамасы Speech Analyzer компьютерлік бағдарламасының көмегімен айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Телебағдарлама – бұқаралық ақпарат құралдарының бірі. Ол шаршытоп алдында тікелей немесе қашықтықтан коммуникацияға түсудің монологтік және диалогтік түрлерін қамтиды. Телебағдарлама медиадискурсы ауызша тілдік қатынасқа құрылады. Мемлекеттік тілдің дамуына бағытталған құжаттар мен ережелер телебағдарлама тілінің ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес болуын қадағалайды. 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған ҚР Тіл туралы Заңының, сондай-ақ 2008 жылдың 21 қарашасындағы жалпы ережелерде мемлекеттік тілді барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру, мәдениет саласында қолдану талаптары берілген [4].

Осы талаптарға байланысты мемлекеттік тілді белгіленген нормаға сай қолдану жайын қадағалау қажет. Тіліміздің нормаланған жүйесінің, қолданысының болуын зерттеу үшін емле ережелеріне, М. Балақаевтың «Қазақ тіл білімінің мәселелері» еңбегіне [5], Р. Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышына (емле, тыныс белгілері, сөз сазы)» [6], Н. Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» еңбегіне [7] <https://emle.kz/kz/rule?id=14> [8] сайты материалдарына сүйенеміз. Бұған қоса әдеби тіл, сөз мәдениетіне қатысты еңбектерге негізделген ғылыми көзқарастар басшылыққа алынды.

Шетелдік тіл білімі ғылымында телебағдарламалар тілінің әртүрлі аспектіде қарастырылып келгенін мына еңбектерден көре аламыз. Е. Кортни [9], И. К. Абу [10], Д. Гвен [11], Л. Бут [12] өз еңбектерінде теледидар тілі баланың дамуына, тіл ұстартуына, дамытуына әсер етеді деп санаған.

Қазақ тіл білімінде теледидар тілінің тазалығы, жалпы сөз мәдениеті туралы М. Серғалиев «Радио және телехабарлар тілі туралы» [13] еңбегінде, Д. Қамзабекұлына берген «Қазақ тілінің жауапкершілігі – зиялылар мойнындағы іс» [14] сұқбатында ғылыми, тәжірибелік ойларын келтірген болатын.


Г.Ә. Машинбаева монографиясында теледидар тілін лингвопрагматикалық аспект тұрғысынан қарастырған болатын [15]. Бұл зерттеуінде жалпы теледидар тілін зерттеу нысаны етіп алған. Ал біздің зерттеу нысанамыз – балалар телебағдарламаларының тілі. Ендеше, бұл – өте өзекті, әлі зерттеле қоймаған тақырып. Сондай-ақ Д. А. Габбасованың теледидар тіліне салғастырмалы талдау жасаған зерттеуін де атап көрсетуге болады [16].

Зерттеуіміздің нысаны ретінде алынған «Balapan» арнасының телебағдарламалары *ұйымдастыру, сұрақ-жауап және қорытындылау* кезеңдерінен тұрады [17].

Телебағдарламаларда сөз мәдениетіне айрықша мән беріледі. Телекоммуникаторлар сценаристің жазған мәтінін ауызша мәтін түрінде жеткізеді. Тыңдармандарға жеткізу кезінде әдеби тіл нормаларына сүйену қажет.


Телекоммуникатор әуезді тілімен аудиторияны баурап алады, әдеби тіл нормасына сай сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Телекоммуникатордың сөзді дұрыс дыбыстамауы, орфоэпиясы балалардың тілдің қазаки артикуляциясын, акустикасын, бояуын сақтауға септігін тигізеді. Телекоммуникатордың орфоэпиялық нормаға сай сөйлеуі тілдің фонетикалық заңдарына бағынып, сақтап айтуды басшылыққа алады.

Бағалау мәнді сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер, бейнелі сөздер, мақал-мәтелдердің қолданысы «Balapan» арнасының жүргізушілерінің сөйлеу тілінің байлығына, экспрессиясына байланысты болады. Тіл байлығымен қоса дауыс ырғағы да, қарқыны да ерекше рөл ойнайды. Мұндай дауыс ырғағының көтеріліп барып, бәсеңдеуін немесе бәсең қарқынның көтерілуін, жоғары сегмент деңгейіндегі құбылыстарды Speech Analyzer бағдарламасының көмегімен жасалған деректерден көруімізге болады.




1-сурет – «Ғылымға саяхат» телебағдарламасы тілінен алынған тілдік деректің сегменті

Тележүргізушілердің дыбыс қарқынының көтеріліп-бәсеңдеуі немесе, керісінше, бәсең тартып, жоғарылауы бағдарлама теледискурсы үзіндісінен алынған. Балалардың құлағына жағымды *сәлем, ғылымпаз, өте ақылды, сенім* деген сөздер көтеріңкі интонациямен айтылса, *ақымақ* деген сөздің дыбыс қарқыны төмен екенін аңғаруға болады.



2-сурет – «Байқа, балақай!» бағдарламасынан алынған сөздердің сегменті

«Байқа, балақай!» теледискурсынан алынған үзінділерде телекоммуникатордың сөйлеу тілінің экспрессиясы 698 Гц-тен 2930 Гц-ке дейінгі диапазонды құрайды. Келтірілген мысалдағы *құлыншақ, ата, тәрбиесіз алған білім, адамзаттың қас-жауы, ақылгөй, ата-әже, қолғанат* болу тілдік бірліктері телекоммуникатордың дауыс ырғағының жиілігін көтеріп, сөйлемнің прагматикалық әлеуетін арттырып тұр.



3-сурет – «Әжемнің ертегісі» телебағдарламасы тілінен алынған үзіндідегі дыбыс қарқынының көрінісі

«Әжемнің ертегісі» бағдарламасының теледискурсы үзінділерінен сөйлеу экспрессиясын, қарқынын көреміз. Мұнда аузында сөз тұрмау, нағыз *Судырахмет*, *қап*, *құлақ аспау* сөздерінің экспрессиясынан бағалуыштық мән, жағымсыз сипат байқалады.

Түрлі бағдарламалар тілінен алынған перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктердің орфоэпиялық нормаға сәйкес немесе сәйкес еместігін кестеден көре аламыз.

I-кесте – Перлокутивті қызметке ие тілдік бірліктердің орфоэпиялық сипаттамасы

Теледискурс	Перлокутивті қызметке ие сөз	Орфоэпиялық нормаға сәйкестігі	Орфоэпиялық нормаға сәйкессіздігі	Сөздің қолдану жиілігі
Этикет әлемі	<i>тотұғұс</i>	<i>тотұғұс</i>		90
	<i>кешірім⁰ өтүнүү</i>	<i>кешірім өтүнүү</i>		25
	<i>сиқырлы қауырсын</i>	-	<i>сыйқырлы қауырсын</i>	80
	<i>сегізғырлы</i>	<i>сегізғырлы</i>	-	14
	<i>құралайгөз</i>	<i>құралайгөз</i>	-	8
Әжемнің ертегісі	<i>ауұл ақсақалы</i>	-	<i>ауыл ақсақалы</i>	8
	<i>үб'үрлү-шүб'үрлү</i>	-	<i>үбірлі-шүбірлі</i>	4
	-	<i>сұудұрақмет</i>	<i>сұудырақмет</i>	1
Ғылымға саяхат	-	<i>ғылым табұу</i>	<i>ғылым табу</i>	1
	-	<i>тәжірійбе жасау</i>	<i>тәжірбе жасау</i>	10
	-	<i>жарыйаға жар салуу</i>	<i>жә'риаға жар салу</i>	2
Science сабағы	<i>тәжірійбе</i>	-	<i>тәжірбе</i>	15
	<i>кемтірғосақ</i>	-	<i>кемтірқосақ</i>	3
	<i>көб'өлөк</i>	-	<i>көбелег</i>	5
Ханталапай	<i>жүйрүк</i>	-	<i>жүйрөк</i>	10
	<i>жарысхушұ</i>	-	<i>жарысхушы</i>	8
	<i>топпаишы</i>	<i>топпаишы</i>	-	20
	<i>ойұнишұ</i>	-	<i>ойұнишы</i>	24

Мақалада келтірілген деректерге сүйеніп, түйіндесек, балалар тілінің орфоэпиялық сәйкестігі мен сәйкессіздігі байқалады. Әрбір теледискурс тіліндегі фонетикалық ерекшеліктері мен орфоэпиялық нормаға сәйкестігін айқындау мақсаты орындалды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ ҒСБК 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыру есебінен ЖТН АР 19679549 «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017–2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

Қорытынды

«Balapan» арнасы бағдарламалары тілін зерттеуде әрбір дискурстың мәдени-коммуникативтік ерекшеліктері, сонымен қатар балалардың ауызша тілінің орфоэпияға сәйкестігі/сәйкессіздігі көрсетілді.

«Balapan» арнасының танымдық, спорттық, ғылыми, ақпараттық, зияткерлік бағдарламаларына сараптамалық талдау жасалды. Балаларға арналған аталмыш дискурс түрлері жаңа медиалингвистика бағытында қарастырылды.

Бағдарламаның бейнематериалдарын көре отырып, дыбысты қағазға түсіру нәтижесінде олардың орфоэпиясы берілді.

Speech Analyzer бағдарламасының көмегімен телебағдарламалар тіліндегі перлокутивті қызметке ие сөздердің дыбысталу қарқыны көрсетілді.

Бағдарламаға түсуші балалардың сөзі, дауыс ырғағы, эмоциясы мен экспрессиясы, сөздердің орфоэпиялық нормаға сай екендігі және сай еместігі талдау арқылы анықталды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Нугманова, Л. А. Коммуникативно-прагматический аспект формирования телевизионного дискурса (на материале интерактивного ток-шоу регионального телевидения) [Текст] : Автореф.. дисс. ...канд. филол. наук. – Уфа, 2014. – 24 с.

2 Ларина, Е. Г. Лингвопрагматические особенности ток-шоу как жанра телевизионного дискурса (на материале американских телевизионных программ) [Текст] : Автореф. дисс. ...канд. филол. наук. – Волгоград, 2004. – 24 с.

3 Данилов, С. Ю. О канонах внутрижанровой интеракции (на материале речевого жанра «проработка»). Жанры речи [Текст] : Сб. науч. ст. Саратов, 2002. – № 3. – С. 218.

4 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы № 151 тіл туралы Заңы [Мәтін] [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

5 Балақаев, М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2008. – 592-б.

6 Сыздық, Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) [Мәтін]. – Астана : Елорда, 2000. – 532-б.

7 Уәли, Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Мәтін] : Филол. ғыл.д-ры автореф. : – 10.02.02. – Алматы, 2007. – 58-б.

8 Ақымбек С. Ш. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын меңгертуде IT технологияны пайдалану [Электронды ресурс]. <https://emle.kz/kz/rule?id=14>

9 **Courtney, E. D.** Impact of Television on the Language Development of Young Children [Text] [Electronic resource]. – <https://digitalcommons.library.umaine.edu/honors/566>

10 **Abu, I. K.** Television and its effect on children's life and culture, Isesco, 2010 [Text] [Electronic resource]. – <https://www.isesco.org.ma/araba/publications/TIFL/P11.php>.

11 **Gwen, D.** The effects of television on children [Электронный ресурс]. – D. Gwen. – 2009. – Режим доступа: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-319-98319-6_4

12 **Booth, L.** Analysis of children's learning from cartoons television [Электронный ресурс] / L. Booth. – 1997. – Communication Research. – Vol. 50. – p. 298. – Режим доступа : <https://www.learntechlib.org/p/119881/>.

13 **Серғалиев, М.** Радио және телехабарлардың тілі туралы [Мәтін]. – Ана тілі. 1994. – № 46.

14 **Қамзабекұлы, Д.** Қазақ тілінің жауапкершілігі – зиялылар мойнындағы іс // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор М. С. Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана : Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. – Б. 7–16.

15 **Машинбаева, Г. Ә.** Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері [Мәтін]. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 162-б.

16 **Габбасова, Д. З.** Телевизионный диалог ток-шоу немецкого и казахстанского телевидения как социокультурный момент в коммуникации [Текст]: дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2005 – 136 с.

17 Балапан телеарнасының бағдарламалары [Электронды ресурс]. – <https://balapan.tv>

References

1 **Nugmanova, L. A.** Kommunikativno-pragmatischenkij aspekt formirovaniya televisionnogo diskursa (na materiale interaktivnogo tok-shou regional'nogo televideniya) [The communicative and pragmatic aspect of the formation of television discourse (based on the interactive talk show of regional television)] [Text] : Avtoref. diss. ...kand. filol. nauk. – Ufa, 2014. – 24 p.

2 **Larina, E. G.** Lingvopragmaticheskie osobennosti tok-shou kak zhanra televisionnogo diskursa (na materiale amerikanskix televisionny`x programm) [Linguistic and pragmatic features of talk shows as a genre of television discourse (based on the material of American television programs)] [Text] : Avtoref. diss. ...kand. filol. nauk. – Volgograd, 2004. – 24 p.

3 **Danilov, S. Yu.** O kanonax vnutrizhanrovoj interakcii (na materiale rechevogo zhanra «prorabotka»). Zhanry` rechi [About the canons of intra-genre interaction (based on the material of the speech genre «elaboration»). Genres of speech] [Text] : Sb. nauch. st. Saratov, 2002. – № 3. – P. 218.

4 Qazaqstan Respublikasy`ny`n 1997 zhy`lgy` № 151 til turaly` Zany` [Law of the Republic of Kazakhstan dated 1997 – No. 151 on languages] [Text] [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

5 **Balaqaeu, M.** Qazaq til biliminin maseleleri. Voprosy kazahskogo yazykoznanya Problems of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty` : Arys, 2008. – 592 p.

6 **Sy`zdy`q, R.** Qazaq tilinin any`qtagy`shy` (emle, ty`ny`s belgileri, soz sazı) [Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music)] [Text]. – Astana : Elorda, 2000. – 532 p.

7 **Uali, N.** Qazaq soz madenietinin teoriyalı`q negizderi [Theoretical foundations of Kazakh speech culture] [Text] : Filol. gy`l.d-ry` avtoref. : – 10.02.02. – Almaty`, 2007. – 58 p.

8 **Aqy`mbek S. Sh.** Qazaq tilinin orfoe`piyalı`q normalary`n mengertude IT tehnologiyany` pajdalanu [Use of IT technologies in mastering orthoepic norms of the Kazakh language] [Electronic resource]. <https://emle.kz/kz/rule?id=14>

9 **Courtney, E. D.** Impact of Television on the Language Development of Young Children [Text] [Electronic resource]. – <https://digitalcommons.library.umaine.edu/honors/566>

10 **Abu, I. K.** Television and is effect on children`s life and culture, Isesco, 2010 [Text] [Electronic resource]. – <https://www.isesco.org.ma/araba/publications/TIFL/P11.php>.

11 **Gwen, D.** The effects of television on children [Электронный ресурс]. – D. Gwen. – 2009. – Режим доступа: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-319-98319-6_4

12 **Booth, L.** Analysis of children`s learning from cartoons television [Электронный ресурс] / L. Booth. – 1997. – Communication Research. – Vol. 50. – p. 298. – Режим доступа: <https://www.learntechlib.org/p/119881/>.

13 **Sergaliev, M.** Radio zhane telehabarlardy`n tili turaly` [About the language of radio and television broadcasts] [Text]. – Ana tili. 1994. № 46.

14 **Qamzabekuly, D.** Qazaq tilinin zhauapkershiligi – zyalular moinyndagy is // Ruhani zhangyru zhane til bilimi maseleleri. QR UGA akademigi, f.g.d., professor M. S. Sergalievtin 80 zhyldygyna arnalgan halyqaralyq gylymi-teoryaliq konferenciya materialdary` [The responsibility of the Kazakh language is on the shoulders of intellectuals // problems of spiritual revival and Linguistics. Materials of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 80th anniversary of Academician of the National Academy of Sciences of the Republic

of Kazakhstan, doctor of philological sciences, professor M. S. Sergaliyev] [Text] // – Astana, L. N. Gumilev atyndagy EEU baspasy, 2018. – 429 p.

15 **Mashinbaeva, G. A.** Teledidar tilinin lingvopragmatikalы`q aspektileri [Linguopragmatic aspects of TV language] [Text] : Monography. – Almaty`, Qazaq universyteti, 2018. – 162 p.

16 **Gabbasova, D. Z.** Televizionny`j dialog tok-shou nemeczkgо i kazahstanskogo televideniya kak sociokul`turny`j moment v kommunikacii [TV dialogue of German and Kazakh TV talk shows as a socio-cultural moment in communication] [Text] : diss. ...kand. filol. nauk: 10.02.20. – Almaty`, 2005 – 136 p.

17 Balapan telearnasy`ny`n bagdarlamalary` [Balapan TV channel programs] [Electronic resource]. – <https://balapan.tv>

14.07.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. С. Мурзинова¹, *Г. Б. Шойбекова²,*

С. А. Асанбаева³, А. М. Ахметова⁴

^{1,2,3}Казахский национальный

женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Южно-Казахстанский

университет имени М. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Шымкент.

Поступило в редакцию 14.07.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

СООТВЕТСТВИЕ ОРФОЭПИЧЕСКОЙ НОРМЕ ДЕТСКОЙ РЕЧИ В ТЕЛЕПРОГРАММАХ

В статье показано, что для изучения соответствия детского языка орфоэпическим нормам необходимо опираться на Закон РК о языке, правила правописания и орфоэпические законы. Проведен всесторонний литературный обзор исследований, в которых рассматриваются теоретические и практические проблемы культуры слова, нормы литературного языка. Из этого литературного обзора видно, что, хотя язык телевидению рассматривается в некоторой степени, в целом, нет исследований

дискурса детских телепрограмм, соответствия/несоответствия нормам литературного языка. Поэтому в статье подчеркивается высокая актуальность изучения детского языка в телевизионных программах. Материалом исследования является язык детей, участвовавших в познавательных, учебных, интеллектуальных, развлекательных, информационно-познавательных, спортивных программах на телеканале «Balapan». В данной исследовательской статье рассматривалось понимание лексико-грамматической, просодической, риторической специфики языка телепрограммы и формирование у ребенка лексико-грамматического, морфологического, синтаксического, орфоэпического, акустико-артикуляционного правильного употребления языка. Для сохранения казахской акустики и артикуляции устно передаваемых текстов в телепрограммах был проведен анализ и отражен в статье. Соответствие орфоэпической норме // несоответствие, темп звучания определялись с помощью метода *Speech Analyzer*, в результате чего сегменты повышенного и пониженного темпа звучания телекоммуникатора отображались на рисунке. Отмечается, что акустико-артикуляционная трансформация сегментов обусловлена характером национального языка. Разработана и проанализирована орфоэпическая характеристика языковых единиц, обладающих перлокутивной функцией.

Ключевые слова: телеканал «Balapan», детский язык, орфоэпическая норма, литературный язык, темп звука, теледискурс

A. S. Murzinova¹, *G. B. Shoibekova²,

S. A. Asanbayeva³, A. M. Akhmetova⁴

^{1,2,3}Kazakh National Women's

Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴South Kazakhstan University named after M. Auezov,

Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Received 14.07.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

COMPLIANCE OF CHILDREN'S LANGUAGE IN TV PROGRAMS WITH THE ORTHOEPIC NORM

The article pointed out that in order to study the compliance of children's language with the orthoepic norm, it is necessary to rely on

the law of the Republic of Kazakhstan on language, spelling rules and orthoepic laws. A comprehensive literary review of research is carried out, which considers the theoretical and practical problems of the culture of the word, the norm of the literary language. From this literary review, it was noticed that although the language of television is somewhat, generally considered, there are no studies on the discourse of children's television programs, compliance/non-compliance with the norm of literary language. Therefore, the article shows that the study of children's language in television programs is of high relevance. The material of the study was the language of children who participated in cognitive, educational, intellectual, entertainment, information and cognitive, sports programs on the «Balapan» TV channel. This research article examines the understanding of the lexical-grammatical, prosodic, rhetorical specifics of the language of the TV program and the formation of the correct use of the language by the child lexically, morphologically, syntactically, orthoepically, acoustically-articulatively. In order to preserve the Kazakh acoustics and articulation of orally transmitted texts in TV programs, analysis was carried out and reflected in the article. Compliance with the orthoepic norm // non-compliance, the sound intensity was determined using the Speech Analyzer method, as a result of which the segments of the high and low sound intensity of the telecom operator were shown using the figure. It is noted that the change of segments from the acoustic-articulatory point of view will have an impact on the character of the national language. An orthoepic description of language units that have a perlocutive function was developed and analyzed.

Keywords: TV channel «Balapan», children's language, orthoepic norm, literary language, sound tempo, tvdiscourse

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz